

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ  
АГЕНТТІГІНІҢ (СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ) НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ



## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижесі

2021 ЖЫЛДЫҢ 5 АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫМЕН НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША ТІРКЕЛГЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ КӨРІНІСТЕРІНЕ  
ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ

Нұр-Сұлтан – 2021 ж

## КІРІСПЕ БӨЛІМ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні – Нұр-Сұлтан қаласы аумағында сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтары бар салаларды анықтау.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 мамыр айының аралығын қамтиды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг ақпаратты жинақтау, талдау, және қорытындылау, сонымен қатар, құқықтық статистикадан алынған, бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған және өзге де заңмен шектелмеген ақпараттарды жинақтап, талдау және бағалау жасау жолымен жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу методологиясы заңдылық, жан-жақтылық және кінәсіздік презумпциясы қағидаттарына негізделе отырып жасалған.

Жүргізілген мониторинг 3 негізгі бөлімнен тұрады, кіріспе бөлім, ақпараттық - талдамалық бөлім және қорытынды бөлім.

Мониторингтің практикалық құндылығы – сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықтар анықталған мемлекеттік органдарға берілген ұсыныстар бойынша ұйымдастырушылық және құқықтық іс-шаралар қабылдау арқылы аталған кемшіліктерді жоюға мүмкіндік туғызады.

## АҚПАРАТТЫҚ - ТАЛДАМАЛЫҚ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу барысында барлық заңмен шектелмеген мәліметтерге сүйенеді.

Аталған мәліметтерге сәйкес 2021 жылдың 5 айында Нұр-Сұлтан қаласының көлемінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы 24(2020 жылдың 5 айында - 45) қылмыс тіркеліп, бұл санаттағы қылмыстардың саны былтырғы жылмен салыстырғанда 47%-ға азайғаны байқалады.

Аталған мерзімде қылмыстық ізге түсу органдарының тергеу өндірісінде болған 15(2020 жылдың 5 айында - 14) қылмыстық істің тергеп тексеруі аяқталған, оның ішінде 14(2020 жылдың 5 айында - 13) сотқа жолданып, істің өндірісі тоқтатылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментімен тіркелген қылмыстар сала бойынша бөлінісінде келесідей:

- білім беру саласы - 1 қылмыс;
- құрылыс саласында – 4 қылмыс;
- энергетика саласында – 5 қылмыс;
- көлік саласында -11 қылмыс.

Осылайша сыбайлас жемқорлық қылмыстарының ең көп саны көлік, құрылыс, энергетика саласында едәуір көп көрініс тапқанын байқауға болады.

2021 жылдың 5 айында Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 154,676,677-баптары бойынша 4 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелген, оның ішінде жергілікті атқарушы органдар мен елорда әкімдігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларына қатысты әкімшілік құқық бұзушылық -2. Салынған айыппұл сомасы - 1 749 500 теңге.

Аталған әкімшілік құқық бұзушылыққа белгіленген адамның Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру қызметімен айналысуы, жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы деректерімен тартылған.

Осылайша Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12 бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер сақталмаған жағдайда мемлекеттік қызметті немесе өзге де тиісті қызметті тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 6-бабына сәйкес кәсіпкерлік саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын, мүдделер қақтығысын болғызбауды және шешу және тағы басқа тармақтары бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау жөнінде мемлекеттік орган басшылары тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қолдану қажет.

ҚР ҚІЖК 200-бабы тәртібінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында мемлекеттік органдарға 17 ұсыныс енгізілді, 14 ұсыныс Департамент қызметкерлерінің қатысуымен қаралды.

Енгізілген ұсыныстар бойынша 15 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды (*сөгіс - 4, қатаң сөгіс – 5; жұмыстан босату – 2; ескерту – 3*).

Саяси мемлекеттік қызметшілердің отставкаға шығуы және мемлекеттік органдар басшыларының бағыныстылардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылығы туралы заңнамалық норманы тиімді іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңының 43-бабы 4-тармағының және 60-бабы 3-1 тармағының орындалуы бойынша тұрақты түрде мониторинг жүргізілуде.

Қазіргі таңда 4 мемлекеттік орган лауазымды тұлғалары мониторингке алынған.

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде шағын және орта бизнеске араласу дерегімен Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Көліктік бақылау инспекциясының автомобиль көлігіндегі бақылау бөлімінің бас маманына қатысты қозғалған іс нәтижесінде сот үкімімен бас маман қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, бөлімнің тікелей басшысын жауапкершілікке тарту мәселесі қарастырылуда.

Сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің бас маманына қатысты қозғалған іс бойынша Есіл ауданының №2 аудандық сотының үкімімен бас маман 4 жылға бас бостандығынан айыру жазасымен сотталып, тікелей басқарма басшысына қатаң сөгіс жарияланды.

## **ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ**

Жүргізілген мониторинг нәтижесінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды алдағы уақытта болдырмау және анықталған мән - жайлар мен қылмыстардың орын алу себептерін ескере отырып **ҰСЫНЫЛАДЫ:**

### **Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігіне:**

- Жергілікті атқарушы органдар мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың қызметіне бақылауды күшейтуді және мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу барысында құқық бұзушылыққа жол бермеуді қадағалауды;

- жергілікті атқарушы органдар мен ведомстволық бағынысты ұйымдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді (*Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12 бабы*) сақталмағаны үшін ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 6-бабына сәйкес тиісті шаралар қабылдауды ұсынамыз.

### **Барлық мемлекеттік орган басшыларына:**

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 22-бабын басшылыққа алуға (*сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті; мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады*);

- сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтар орын алған мекеме мен ұйымдарда, сондай - ақ осы салаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстарын жүргізу және ішкі талдау жұмыстарына (*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес*) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандарын және (немесе) сарапшыларын тарта отырып жүргізуді қарастыру;

- сыбайлас жемқорлық сипатындағы қылмыстарды болдырмау мақсатында қызмет барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қатаң сақтауға;

- басшылық тарапынан мүдделер қақтығысын болғызбау және шешу бойынша шаралар қабылдауға;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған

шараларды қабылдауды ұсынамыз.

**ҚР СЖҚІА-нің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті  
Парасаттылық және превенция басқармасы**